

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИ

ЎЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ

ФИЛОЛОГИЯ (қазақ тілі, түркмен тілі) КАФЕДРАСЫ

**«Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш
сөздердің жұмсалуды»**

тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Орындады: қазақ филологиясы тәлім
бағдарын бітіруші 4-курс студенті

**Жарылқасынова Қатиша
Байзақовна**

Ғылыми басшы:
проф., Құдайбергенов М.

асс., Шарипова Ж. _____

Бітіру мамандық жұмысы кафедрада алғашқы қорғаудан өтті
_____-санды баяндамасы « ____ » май 2016-жыл.

Нөкіс-2016

Бітіру мамандық жұмысын қорғауға ұсыныс етілді:

Факультет деканы:

доц., Абдуллаев Х.

Кафедра меңгерушісі:

Шарипова Ж.

Ғылыми:

проф., Құдайбергенов М.

асс., Шарипова Ж.

МАК ҚАРАРЫ:

Жарылқасынова Қатишаның

«Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш

сөздердің жұмсалуды»

тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына

Мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «__» балл
(«_» бағасы) қойылсын.

МАК хаткері:

Г. Адилова

«__» июнь 2016 –жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
I. ТАРАУ. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздер	6
1.1. Түркі тілдерінде еліктеуіш сөздердің зерттелу тарихы.....	6
1.2.Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздерге жалпы сипаттама.....	12
1.3.Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктері мен ұстанымдары.....	20
II. ТАРАУ. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеу сөздердің қызметі	25
2.1. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің морфологиялық сипаты.....	25
2.2. Еліктеуіш сөздердің уәждемелік қызметі.....	31
2.3.Еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметі.....	32
ҚОРЫТЫНДЫ	43
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	50

Кіріспе

Тақырыптың маңыздылығы. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін, сөздік құрамын және грамматикалық құрылысын зерттеуге арналған арнаулы еңбектерді салыстыра қарасақ, негізгі тілдік құбылыстар мен заңдылықтар көпшілік түркі тілдер үшін ортақ сипатқа болғандығы себепті оларды баяндауда және түсіндіруде пікірлер мен көзқарастардың ортақтығын және заңды қайталауларды кездестіреміз. Сонымен қатар, бұл туыстас тілдердің түркі тілдердегі бірдей тілдік құбылыстарды және әртүрлі мазмұнды түсіндіру жағдайлары кездеседі. Түркі тілдерін тереңірек зерттеген сайын оның негізгі тілдік құбылыстары жайлы пікірлер алшақтығы да тереңдесіп бара жатқандай көрінді. Барлық түркі тілдерінің фонетикасы, лексикасы және грамматикасы ерекше монография, оқулықтар, оқу қолданбалар түрінде жазылған, біразы көп жылдық тәжірибелер негізінде толықтырылған. В.В.Радлов, П.П.Барашков, Н.С.Григорьев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриевтар түркі тілдер жүйесін зерттеуге ерекше үлес қосты. Сонда да әлі зерттелмеген мәселелер көп.

Бұл тақырып қазақ ғалымдарының назарынан тыс қалмай, белгілі дәрежеде А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев, Б.Катембаева сияқты зерттеушілер тарапынан арнайы зерттеу объектісі болды, дегенмен қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер проф., Н.А. Баскаков пен У.Ембергеновтен басқа ешкім тарапынан зерттелмеген, сондықтан тақырыптың зерттелуі, ғылыми және практикалық маңызы тақырыптың актуальдығын дәлелдейді.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты мен міндеттері

Бітіру мамандық жұмысынан көзделген негізгі мақсат- қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің грамматикалық сипатын, сөйлемде атқаратын қызметін салыстыра зерттеу арқылы өзара ұқсастықтарын және айырмашылықтарын айқындау.

Мамандық жұмысқа қойылған мақсатты амалға асыру барысында төмендегі міндеттерді орындау талап етіледі:

- түркі тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің зерттелу тарихын меңгеру;
- қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің зерттелуін меңгеру;
- қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің зерттелуін меңгеру;
- қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің фонетикалық және морфологиялық сипаттарын меңгеру;
- қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметін анықтау және оларды мысалдар келтіре отырып анық көрсету;

Бітіру мамандық жұмысының деректері.

Тақырып бойынша түрколог ғалымдардың, қазақ және қарақалпақ тілші ғалымдарының зерттеу еңбектерінен пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Мамандық жұмыста ғылыми зерттеу әдістерінен салыстырмалы-тарихи тәсілдерінен кең пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің лингвистикалық қасиеттерін, сөйлемде атқаратын қызметін салыстыра зерттеу арқылы өзара ұқсастықтары және айырмашылықтары анықталды.

Мамандық жұмысының практикалық маңызы.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің қолданылуын анықтай отырып, синтаксистік қызметін көрсетуге негізделген. Практикалық тұрғыдан мамандық жұмыстағы материалдарды түркі тілдеріндегі әсіресе, қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің ерекшеліктерін, грамматикалық сипаттарын салыстыру мақсатында пайдалану мүмкін.

Жұмыстың құрамы мен көлемі. Бітіру мамандық жұмысы кіріспе, негізгі екі тарау, жалпы қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен түзіліп, жалпы көлемі 51 бетті қамтиды.

1.1. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің зерттелу тарихы

Түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар өздерінің еңбектерінде еліктеуіш сөздерді әртүрлі терминдермен атаған және ол туралы түрлі пікірлер айтқан. Қазан төңкерісіне дейін атақты түркологтар А.Казем-Бек, П.М. Мелиоранский, М.Терентьев, В.А.Гордлевскийлердің еңбектерінде еліктеуіш сөздер жайында айтылған пікірлер кездеспейді.

Еліктеуіш сөздерді ғылыми негізде бірінші рет белгілі түрколог проф. Н.И. Ашмарин зерттеген. Ол өзінің чуваш тілі бойынша жазған еңбектерінде және еліктеуіш сөздер жайындағы арнайы зерттеулерінде еліктеуіш сөздердің айырмашылықтарын анықтап берді.

Н.И. Ашмарин еліктеуіш сөздердің ерте заманнан бар екендігін айта келіп, алғашқы қоғамдағы адамдардың сөйлеу тілінде еліктеуіш сөздердің кейбір формаларының болғандығын дәлелдейді. Ғалым еліктеуіш сөздерді жан-жақты бірнеше топтарға бөліп зерттеген, бірақ оның сөз табы болу, болмау жақтарын толық ашып бермеген.

Сондай-ақ, белгілі түрколог проф., Н.К. Дмитриев те кейбір тілдер бойынша жазған ғылыми грамматикаларында және мақалаларында еліктеуіш сөздердің грамматикалық белгілерін көрсетеді. Н.К. Дмитриев еліктеуіш сөздерді төрт түрге (дыбысқа еліктеу; жарыққа еліктеу; тірі организмге еліктеу; балалар сөзі яғни, балалар тілінің формасына еліктеу) бөледі және еліктеуіш сөздердің морфологиялық тәсілі мен сөз жасалу жағдайларына ерекше тоқтайды.

Н.И. Дмитриев түркмен, қырым татарлары, азербайжан тілдері бойынша жазған ғылыми грамматикаларында еліктеуіш сөздерге ерекше назар аударады.

Түркі тілдерін зерттеушілердің бірі белгілі түрколог проф. А.Н. Кононов өзінің түрк, өзбек тілдері бойынша жазған ғылыми грамматикаларында еліктеуіш сөздерді семантикалық жақтан: **а)** дыбысқа еліктеуіш сөздер; **б)** көрініске еліктеуіш сөздер деп үлкен екі топқа бөледі.¹

Якут тілін зерттеуші белгілі түрколог Л.Н. Харитонов өзінің зерттеулерінде еліктеуіш сөздердің структуралық құрылысын өзінше көрсетіп, оның жасалу ерекшеліктерін, семантикалық жақтан үлкен екі топқа бөлінетінін айтады. Л.Н. Харитонов проф. Н.И. Ашмариннің еліктеуіш сөздер

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского языка. М.-Л.1960.

жайлы айтқан құнды пікірлерін толықтырады және оны кеңейтіп, анықтайды.

Қырғыз тіліндегі еліктеуіштер бойынша С.Құдайбергенов диссертация жұмысын жазды. Ол да қырғыз тіліндегі еліктеуіштерді семантикалық жақтан: **а)** дыбысқа еліктеуіш сөздер; **б)** бейнелеуіш сөздер деп бөліп көрсетеді.

Өзбек тіліндегі осы тақырып бойынша диссертация жұмысын жазған Р.Кунгуров еліктеуіш сөздердің семантикалық бөлінуіне жаңалық қосады. Ол дыбысқа еліктеу және бейнелеуіш сөздерге адамның ішкі организміндегі психикалық сезімдерді білдіретін сөздерді де қосады. Р.Кунгуров еліктеуіш сөздерден үстеулер жасалатынын көрсетсе, ал басқа авторлардың зерттеулерінде еліктеуіш сөздерден үстеудің көп жасалмайтыны айтылады.

Е.Ишмухамедов башқұрт тіліндегі еліктеуіш сөздердің дыбысқа еліктеу формасын айырып алып, зерттеу жүргізген. Ол башқұрт тіліндегі еліктеуіш сөздердің грамматикалық жақтан басқа сөздерге ұқсамайтынын және белгілі сөз табы бола алатынын көрсетеді. Кейбір ғалымдар осы тақырып бойынша зерттеулерінде еліктеуіш сөздердің лексика-семантикалық грамматикалық ерекшеліктеріне тоқтап, бұл сөздердің өз алдына сөз табы бола алатын жақтарын ғылыми негізде дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің сөз табы ретінде қалыптасу тарихы одағайлармен байланысты. А.Байтұрсынов одағайларды *ілездік одағай, еліктеу одағай* және *шақырыс одағай* тәрізді үш топқа бөліп, еліктеу сөздерді *ілездік* және *еліктеу одағайларының* ішінде қарастырады. Ғалымның анықтауынша, *лап, жалт, жұлт, зып, тырс, дүңк* т.б. *ілездік одағайы*; *шыр-шыр, сықыр-сықыр, былдыр-былдыр* т.б. еліктеу одағайлары. Ал Қ.Жұбанов «*жалт-жұлт*», «*жылт-жылт*» деген сөздерді құбылыстың тұрақты, тұрақсыздығын, бір қалыпта болатын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ретінде түсіндіріп, одағай мен еліктеу сөздердің аражігін бөліп көрсетеді.

Еліктеуіш сөздердің сөз табы ретіндегі бөлініп шығуы А.Ысқақовтың есімімен тікелей байланысты. Ғалым қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайлы алғаш пікір айтады. Ол еліктеуіш сөздердің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін, олардың басқа сөздерге ұқсамайтын жақтарын көрсетеді. Ғалым еліктеу сөздерге қатысты «*мимема*» ұғымын қолданады.

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сыр-сипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес, өз алдына дербес сөз табы ретінде қаралатын бір алуан сөздер еліктеу сөздер (мимема) деп аталады.²

А.Ысқақов өзінің «*Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайында*» деген мақаласында еліктеуіш сөздердің төмендегі грамматикалық ерекшеліктерге ие екендігін көрсетеді:

1. *Еліктеуіш сөздер лексикалық мағынаға ие болады;*
2. *Өзінің сыртқы құрылысы, формасын сақтайды;*
3. *Бұл сөздер етістікке ауысып отырады;*
4. *Сөйлемде пысықтауыш қыметін атқарады;*
5. *Еліктеуіш сөздер құрамындағы дыбыстардың орын алмасуларынан сөздің мағынасына аз ғана өзгеріс кіреді;*
6. *Еліктеуіш сөздерге аффикстер жалғану арқылы бірқанша сөз таптары жасалады.*

А.Ысқақовтан кейін, еліктеуіш сөздер Ш.Сарыбаев, Б.Катембаева тәрізді ғалымдардың еңбектерінде зерттеу нысанына алынып, дербес сөз табы ретіндегі белгілері, мағынасы, қызметі, морфологиялық құрамы анықталды.³

Сондай-ақ, Ш.Сарыбаев өз зерттеулерінде және еліктеуіш сөздер жайлы жазған мақалаларында еліктеуіш сөздерді одағай сөздерге қосуға болмайтын жақтарын айтып, еліктеуіш сөздердің одағайлардан бес түрлі жол арқылы ерекшеленіп тұратынын көрсетеді. Ол еліктеуіш сөздерді өз алдына сөз табы

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991, 344-бет.

³ Сыздыкова Г. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2012, 104-бет.

деп есептеу керектігі жайлы былай дейді: «*Еліктеуіш сөздер де өзінің семантикалық, морфологиялық және функционалдық ерекшеліктері бар сөздер сияқты грамматикалық категория*».

Ш.Сарыбаев тілде шамамен алғанда, екі мыңнан аса еліктеуіш сөз бар деп санайды.⁴ Бұл дерек, еліктеуіш сөздердің тілден алатын өзіндік орны барын, соған сай атқаратын қызметі барын білдіреді.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздерді ғылыми негізде зерттеп, диссертация жұмысын жазған Б.Катембаева еліктеуіш сөздерді семантикалық жақтан үлкен екі топқа бөледі: **а)** дыбыстық еліктеуіштер; **б)** бейнелеуші сөздер. Автордың жұмысында грамматикалық жақтан еліктеуіш сөздер белгілі сөз табы болатыны және барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқаратыны көрсетілген.⁵

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайында проф., Н.А.Баскаков айтқан пікірлерінен басқа ешбір зерттеу болмаған. Проф., Н.А.Баскаков өзінің «*Каракалпакский язык*» деген еңбегінде азы-кем түсінік береді. Бұл еңбекте еліктеуіш сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктері, олардың түрлері атап көрсетілген. Н.А. Баскаков қазіргі қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайлы алғаш зерттеу жүргізеді, олардың мағыналық және грамматикалық белгілеріне қарай одағай сөздерден ажыралып тұратынын анықтайды.⁶

А.Қыдырбаев «*Хәзирги қарақалпақ тилиндеги атлық сөзлер*» деген кітабында қарақалпақ тіліндегі сөз таптарын екіге бөледі. Ол одағай сөздер мен еліктеуіш сөздерді бір сөз табы деп есептеген. Еліктеуіш сөздерді «*мимемалар*» деген терминмен атаған.

⁴ Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алма-Ата, 1960, 3-бет.

⁵ Катембаева Б. Подражательные слова в современном казахском языке. Автореферат канд. дисс., Алма-Ата, 1965.

⁶ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II, фонетика и морфология. Часть I..1952.

Мимемаларға берілген анықтамада еліктеуді білдіретін сөздер жатады деп келтірсе, туынды зат есім жайлы анықтамада ... «компоненттерінің екеуі де өз алдына бөлек қолданыла алмайтын мимемалық сөздердің бірігуі арқылы жасалады» деген пікірді көрсетеді.⁷

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер әртүрлі белгілері жағынан одағай және үстеулерге жақын тұрады. Мысалы, олар одағайлардан мынадай белгілерімен ажыратылады:

1.Еліктеуіш сөздер дыбыс пен көріністі әртүрлі формада білдіреді;

2.Еліктеуіш сөздер субстантивтену және сөз жасалу арқылы сөз таптарының, сөйлем мүшелерінің орнына жұмсалады;

3. Еліктеуіш сөздер барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады;

4.Еліктеуіш сөздер қоршап тұрған дүниедегі дыбыстарға, көріністерге еліктеулерді білдіреді;

5. Еліктеуіш сөздерден зат есім, сын есім, етістіктер жасалады;

6. Еліктеуіш сөздерді бір тілден екінші тілге аудару мүмкін емес;

7. Еліктеуіш сөздер сөйлемде «ет» көмекші етістіктермен тіркесіп келеді.

⁷ Ембергенов У. Хәзирги қарақалпақ тилиндеги еликлеуіш сөзлер.Нөкис,1990,11-бет

1.2. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеу сөздердің жалпы сипаты

Ғ.Әбуханов еліктеуіш сөздерді сөз таптарына мағыналық жағынан да, морфологиялық белгілері жағынан да ұқсамайтын, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдеби тілде де кеңнен қолданылатын сөз табы ретінде қарастырса, А.Ысқақов оларды семантикалық, грамматикалық сыр-сипатымен қатар, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да ерекшеленетін дербес сөз табы деп көрсетеді.

Еліктеуіш сөздер басқа сөз таптарынан семантикасы, дыбыстық құрамы және морфологиялық сипаты жағынан ерекшеленеді.

Н.Оралбай бейнелеуіш сөздердің мағынасындағы мынадай ерекшеліктерді анықтайды:

1) заттардың түрлі сыртқы бейнесін білдіреді: *салаң-салаң, жалба-жұлба* т.б.

2) қимылдың сипатын білдіреді: *митың-митың, томпаң-томпаң* т.б.

3) табиғи құбылысты сипаттайды: *жалт-жұлт, жарқ-жұрқ* т.б.

4) жанды заттардың дыбысын, қалпын сипаттайды: *шұнаң-шұнаң, пырт-пырт* т.б.

5) жансыз заттардың бейнесін суреттейді: *ойқаң-тойқаң, ақыр-шақыр* т.б.

Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, *біріншіден*, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан туатын, әр қилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, *екіншіден*, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың

және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің де қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді.⁸

Еліктеуіш сөздерді зерттеген Ш.Сарыбаев тілде шамамен алғанда, екі мыңнан аса еліктеуіш сөз бар деп есептейді.⁹ Бұл дерек еліктеуіш сөздердің тілден алатын өзіндік орны барын, соған сай атқаратын қызметі барын білдіреді.

Еліктеуіш сөздер өмірдегі заттардың, құбылыстардың, адамдардың сыртқы көзге көрінетін әр түрлі бейнелерін суреттеп білдірген. Бұдан еліктеуіш сөздердің мағынасы басқа ешбір сөз табына ұқсамайтыны анықталды.

Еліктеуіш сөздер сатира-юморларда, балалар әдебиетінде, көркем әдеби шығармаларда, фельетондарда, нақыл сөздерде, мақал, жұмбақтарда көптеп кездеседі. Ондағы айтылатын ойды дәл жеткізу жағынан ерекше мәнге ие, тілімізге ықшамдылық, көріктілік, әсемдік сипат беріп тұратын сөздер сондықтан көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стилінде жиі қолданылады. Ал, ғылыми, саяси әдебиеттерде некен-саяқ кездеседі.

Сонымен, еліктеуіш сөздер деп өзіндік мағынасы бар, белгілі дыбыстық құрамда қолданылып, сөйлемде негізінен қимылды сипаттап, пысықтауыш қызметін атқаратын сөздерге айтылады. Ішкі мағыналық ерекшелігіне байланысты екі үлкен топқа бөлінеді: *еліктеуіш сөздер* және *бейнелеуіш сөздер*.¹⁰

Дыбыстық еліктеуіш сөздер заттың орнынан қозғалуы, басқа бір затпен соғылуы не үйкелуі сияқты қимыл нәтижесінде шыққан дыбыстан пайда болады. Мысалы: *желдің гуілі, жапырақтың сыбдыры, өзеннің сарқырауы, күннің күркіреуі* т.б. Мысалы: *1. Абай қасына келді де, суға Оспан-*

⁸ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991, 345-бет.

⁹ Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алматы, 1960, 3-бет.

¹⁰ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 335-бет

мен бірге жалп етіп, құлай кетті. 2.Баяғы жартас, бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас (Абай). 3. Енді аңдадым: қаланың шет жағы көңілсіз үрген иттің даусынан аттар шіңгір-шіңгір кісінеп кетті. (Ғ.М.).

Еліктеуіш сөздер былайша топтастырылады:

1) Табиғат құбылыстарының және өмірдегі заттардың қозғалуынан шыққан әртүрлі дыбыстарға еліктеуден пайда болған сөздер: *бұрқ-сарқ боран, жым-жырт көл, бұрқан-тарқан дауыс т.б.*

2) Адаммен байланысты дыбысқа еліктеуден пайда болған еліктеу сөздер: *қарқ-қарқ күлу, солқ-солқ жылау, ныс-ныс ұйықтау т.б.*

3) Алуан түрлі хайуанат, аң-құстардың дауыстарына, дыбыстарына еліктеуден пайда болған еліктеу сөздер: *барқ-барқ, арс-арс,бырт-бырт, шыр-шыр т.б.* Мысалы, *Бұзаулар оттығына салынған көк шөпті пырт-пырт жеп тұр.*

4) Жансыз заттардың бір-бірімен соқтығысуынан пайда болған дыбысқа еліктеуден пайда болған еліктеуіш сөздер: *салдыр-гүлдір, сарт-сұрт,сықыр-сықыр т.б.* Мысалы, *Мылтық гүрс етіп, зу ете қалды (С.С.). Бір нәрсе сыбдыр етіп, бірдеме еденге сылдыр ете түскендей болды (С.С.).*

Бейнелеуіш сөздер табиғат құбылыстарының, айналадағы заттардың, адамның, хайуанаттың сыртқы көрінісі, қимыл-әрекетінің бейнесін суреттеуден пайда болған сөздер.¹¹ Мысалы, *Нұрғожа талтаң-талтаң басып келеді (С.Ж.). Электр сәулесі қараңғы түнді қақ жарып жарқ етті (Б.Н.).*

Бейнелеуіш сөздер өз ішінде мынадай мағыналық топтарға бөлінеді:

1. Заттардың түрлі сыртқы бейнесін білдіреді. Мысалы: *елбең-елбең, митың-митың, томпаң-томпаң, қыбжсың-қыбжсың, қутың-қутың, сылқ-сылқ, былқ-былқ, қалт-құлт т.б.* Мысалы, *Көйлектерінің етегі салаң-салаң етіп жүгіріп келеді (Ә.Т.). Үсті басы жалба-жұлба (С.К.).*

¹¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 336-бет.

2. Қимылдың сипатын білдіреді. Мысалы: *митың-митың, алыаң-алыаң, тайраң-тайраң, үйбең-күйбең, қаз-қаз, қақшаң-қақшаң, талтаң-талтаң, маң-маң* т.б. Мысалы, *Ол митың-митың жүріп, әрең жетті (С.М.). Бала томпаң-томпаң еріп келеді (М.Ә.).*

3. Табиғи құбылысты суреттейді. Мысалы: *жарқ-жұрқ, жалт-жұлт, жылт-жылт, лап-лап, лып-лып, алау-жалау* т.б. Мысалы, *Найзағай жалт-жұлт, жарқ-жұрқ ойнайды (З.А.).*

4. Жанды заттардың дыбысын, қалпын сипаттайды. Мысалы, *Шұнаң-шұнаң шұнаң қағып, Жүгіреді ақ лағым (З.Қ.). Бұзаулар оттығына салынған көк шөпті пырт-пырт жеп тұр (Ж.Т.).*

5. Жансыз заттардың бейнесін суреттейді. Мысалы, *Арқада көк мұнармен көмкеріліп, Көкшетау ақыр-шақыр жатыр шөгіп (Т.Ә.). Сквасина аузы ойқаң-тойқаң болып қалды (Ғ.С.).*

Бейнелеуіш сөздер іс-әрекеттің тек сыртқы бейне-көрінісін ғана емес, әрі шапшаң болатынын да білдіреді.¹² Мысалы, *бірдеме елең етті, ол жалт етті* т.б.

Объектив дүниедегі заттардың құбылыстардың бір-біріне соқтығысуынан, әр түрлі хайуандардың шығаратын дыбыстарды, немесе сол заттардың іс-әрекеті, қозғалуынан пайда болған көріністеріндегі дыбыстарды білдіретін сөздер қарақалпақ тілінде **еликлеуіш сөзлер** деп аталады.¹

Мысалы: *сыңқ-сыңқ, шүйк-шүйк, баж-баж, малпаң-салпаң, қалт-қалт, желп-желп, дүңк, гүңк, бүкшең-бүкшең, күрс-күрс, биқ-биқ, ыңқ, ыржаң-ыржаң, тарбаң-тарбаң, жалт, жаңқ, арс-ерс, мыңқ, паңқ, жылт-жылт, кеңк-кеңк, мырс-мырс, патыр-патыр, жарқ-жұрқ* т.б.

Мысалы, *Дауыс семген маҳалде және шашаулана баслап еди, падашы қыз жууыра бергени Жумагүл де созылып шыққан сестен қорыққанынан селк етип, жүрегін баса сала, бурылып қараса, усы ауылға келгели сырлас болған*

¹² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 1991, 350-бет.

¹ Хәзіргі қарақалпақ тилинің әдебий грамматикасы. Нөкис, 1994, 429-бет.

қурдасы келип қалған екен. 2. Олар Жумагүлге қарай тупа-туұра ғарс-ғарс жортып киятыр (Т.Қ.).

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер анық лексикалық мағынаға не грамматикалық мағынаға ие емес, сондықтан да олар мағыналы сөз таптарына кірмейді. Бірақ еліктеуіштер ерекше мағынаға-еліктеу, көркемдеу образдылық мағынаға ие.¹³

Еліктеуіштер тек қана дыбыстарға емес, сондай-ақ, әртүрлі заттардың сыртқы көрініс, образдарына (формасы, әрекеті, жылтырауы т.б.) еліктеуді де білдіреді. Мұндай сөздер *символдық сөздер* деп те аталады.¹⁴

Солай етіп, адамдардың сондай-ақ, хайуандар, құстар және жансыз заттардың ерікті, еріксіз шыққан әртүрлі дыбыстарын немесе қозғалыс көріністерін, әрекет және әртүрлі жүріс-тұрыстарын дыбыспен шартты түрде көрсететін,¹⁵ яғни әртүрлі, «дыбыстық және әрекеттік образдардың шартты копиясы».¹⁶

Еліктеуіштер табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды көркемдеп, әсерлі, образды етіп сипаттау мақсатында көбіне көркем әдебиетте, ауызекі әдебиетте, халық ауызекі туындыларында қолданылады. Мысалы, *сылдыр-сылдыр кисеним, Сылдырлайды кисеним (сәукеле); зуұ барады, зуұ келеди (хәрре); Жүрек дүрс-дүрс, кернелди қан тамыры (И.Ю.). Қай ұақ көрсең де, устаханада ыс-пыс-ыс көрик басыұ,шық-шық-шық шөккиш урыұ тынбайды (Т.Қ.).*

¹³ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков.Л., 1967, 123-бет.

¹⁴ Щербак А.М. аталған еңбекте, 127-бет.

¹⁵ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II, фонетика и морфология. М., 1952, стр 233.

¹⁶ Кунгуров Р.К., Тихонов Н.А. Изобразительные слова как самостоятельная часть речи. Вопросы теории частей речи. Л., 1968, стр 258.

Еліктеуіштер өздеріне тән ерекше семантикасы, грамматикалық өзгешеліктері және дыбыстық құрылысы арқылы басқа сөз таптарынан ажыралып тұрады.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер де семантикалық ерекшеліктеріне қарай: 1) сеслик (дыбыстық) еліктеуіштер; 2) көрініске (бейнелеуіш) еліктеуіштер болып бөлінеді.

Мысалы, *Сыпсың-сыпсың гәплерге айдос қулақ аспады (Т.Қ.). 2) Жалт-жалт қарайсаң бетиме (Күнхожа).*

Дыбыстық еліктеуіштер дыбыстың шығу тегіне байланысты жанды заттарға еліктеуіштер және жансыз заттарға еліктеуіштер болып екіге бөлінеді.

1. Жанды заттарға еліктеуіштер: а) адамнан шыққан дыбысты білдіруші еліктеуіштер. Мысалы, *Шаршаған гарры пыр-пыр уйқылап кетти (Т.Қ.). Қоллар-көтеріулі, жыласар еңк-еңк (И.Ю.).* б) адамдардың әртүрлі әрекеттерінен (күлу, жылау, жүру т.б.) пайда болған дыбысты сипаттаушы еліктеуіштер: Мысалы, *Бул сөзге адамлар дуў күлисти (К.С.).Ерназар оның бул хәрекетине таңланыў орнына гарқ-гарқ күлди (Т.Қ.).* в) әртүрлі хайуандардың дыбыстарына, олардың әрекетінен шыққан дыбысқа еліктеу: *ўарқ-ўарқ; гүлдир-гүлдир; М-ә-ә* т.б. г) құстардың дауыстарына және әртүрлі әрекеттеріне еліктеу: *ғаңқ-ғаңқ, гарқ-гарқ, шүйк-шүйк т.б.*

2. Жансыз заттарға еліктеуіштер: а) табиғат құбылыстарының дыбыстарына еліктеу: *ыз-ыз, гуў-гуў (самалдың есуі), патыр-патыр (гүлдирмама)* т.б.

б) қатты заттардың бір-біріне соқтығысуы немесе жерге түсуінен шыққан дыбыстарына еліктеуіштер: *тақ-тақ, шарт-шарт, гүрс-гүрс, тысыр-тысыр* т.б.

в) атылатын, жарылатын заттардың дыбыстарына еліктеу: *тарс-тарс, гүрп-гүрп, парт-парт, тақ-тақ* т.б.

г) әртүрлі механизмдердің істеп тұрған кезінде шығаратын дыбысына еліктеу: *дыр-дыр, гүр-гүр, тарс-тарс* т.б.

д) әртүрлі сұйықтықтардың (су ағысы, қайнауы, жауын т.б.) әрекеттерінен пайда болған дыбыстарға еліктеу: *лық-лық, тырс-тырс т.б.* Мысалы, *Жүзге шарп-шарп тийер суұ моншақлары (И.Ю.).*

е) от жанғандағы дыбысқа еліктеу: *пыс-пыс, лап-лап, быж-быж т.б.* Мысалы, *Қамыслардың пытыр-пытыр жанып атырған сесті еситилип турды (К.С.).*

Көрініске еліктеуіштер (бейнелеуіш) заттың көрінісіне, әрекетіне, жақтылығына адамның әртүрлі сезім әсері нәтижесінде пайда болады. Олар бірнеше көріністік түрге бөлінеді:

а) адамның, басқа да жанды, жансыз заттардың сыртқы көрінісіне еліктеу: *сатпар-сатпар, дағал-дағал, алба-далба, ыбыр-жыбыр т.б.* Мысалы, *Ажар жолаушыға жақын келип үсти-басына қарап еди, кийими алба-далба жупыны екен (К.С.).*

б) әрекетке байланысты еліктеу: *апыл-тапыл, салп-салп, тырбаң-тырбаң т.б.* Мысалы, *Аяқларымызды әсте гана газ-газ басып, бөлмеге кирдик (И.К.).*

в) жақтылық көріністеріне еліктеу: *жарқ-жарқ, жылт-жылт т.б.* Мысалы, *Шырақшының оты жылт-жылт жанады (И.Ю.).*

Еліктеуіштер кейде заттық мағынаға ие болып субстантивтенеді: *тық-тық шоқыйды* (еліктеуіш); *-тықтық* (құстың аты); *шыж-пыж* (майдың дыбысы); *Мың сиз-бизден бир шыж-пыж артық* (зат есім).

Қорыта айтқанда, екі тілде де еліктеуіш сөздер өзіндік мағынасы бар, белгілі дыбыстық құрамда қолданылып, сөйлемде негізінен қимылды сипаттап тұратын, өз алдына сөз табы бола алатын сөздер болып есептеледі.

1.3. Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктері мен ұстанымдары

Дыбыстың еліктеуіш сөздердің ерекшеліктерін сөз еткенде үш түрлі мәселені ескеру қажет:

1. дыбыстық құрамы
2. буын жігі
3. айтылу ырғағы

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық құрамында, демек олардың дыбыстарының тіркесуінде белгілі бірі түсіп қалыптасқан әрі орнықты, әрі жүйелі заң бар деуге болады.

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық құрамы белгілі үлгілер бойынша қалыптасқан. Олардың дыбыстық құрамы дыбыстардың жуан, жіңішке, қысаң, ұяң болуының өзіндік атқаратын қызметі бар. Құрамындағы жіңішке дауысты дыбыстары бар еліктеуіш сөздер қимыл дыбысының әлсіз екенін білдіреді. М\сы, *шіп-шіп, гүрс-гүрс, бүрсең-бүрсең* т.б.

Еліктеуіш сөздер құрамындағы жуан дауыстылар қимылдың, дыбыстың күшті жасалғанын білдіреді. М\сы, *тарс-тұрс, салдыр-салдыр, қарш-қарш* т.б.

Қимыл-әрекеттің, бейненің тездігі, баяулығын да еліктеуіш сөздер білдіре алады. М\сы, *селк етті, шап берді, салпаң-салпаң* т.б.

Еліктеуіш сөздер екі дыбыстан бастап алты дыбыстан құралады.¹⁷

Екі дыбыстан тұратын еліктеуіш сөздер мына үлгімен жасалады: Д+Дз және Дз+Д.

- 1) Д+Дз: *ыр (етті), ыз (етті), ыс (етті)*.
- 2) Дз+Д: *гу, ду, зу, шу (етті)*

¹⁷ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 339-бет.

Үш дыбыстан тұратын еліктеуіш сөздер Дз+Д+Дз моделі арқылы жасалады. Олар: *гүр, сыр, тақ, пыр, лып, зыр* т.б. Мысалы, *Моқал жағаласып кеп, шап етіп мықынан ұстай алды (М.Ә.). Лап беруге қалды бейім (Ә.Т.).*

Төрт дыбыстан тұратын еліктеуіш сөздер Дз+Д+Дз+Дз моделімен жасалады: *тарс, сарт, қарш, қалт, жарқ, діңк, жалп, желп, солқ, шолп, күмп* т.б. Мысалы, *Ботагөз жүрісін кілт тоқтатып, жалт қарады (С.М.). Ә, анау жақтан қылт еткен аттылыны көрген екен зой (С.Ж.).*

Төрт дыбыстан құралатын еліктеуіш сөздердің белгілі типтегі дыбыстық құрамы бар.

Бес дыбыстан тұратын еліктеуіш сөздер: Д+Дз+Дз+Д+Дз моделі бойынша жасалады: *ербең, елбең, арбаң* т.б. және Дз+Д+Дз+Д+Дз моделімен жасалады: *бұлаң, салаң, сумаң, шытыр, шақыр, шұқыр, сидаң* т.б. Мысалы, *Сылаң қағып сұлу қыздай, көтерілді іргеден күн (Ә.С.).*

Алты дыбыстан тұратын еліктеуіш сөздер Дз+Д+Дз+Дз+Д+Дз моделімен жасалады: *сыпсың, тырбың, жылтың, бүкшең, қалбаң, селтең, томпаң* т.б. Мысалы, *Сұрланып, жүзі солып, кемсең қағып (Т.Ж.).*

Еліктеуіш сөздер тек дыбысқа ,бейнеге еліктеуден пайда болған сөздер. Бұл- еліктеуіш сөз табын тануда қызмет ететін мағыналық ұстаным.¹⁸

Сөздерді таптастырудағы *екінші ұстаным*-сөз табының өзіндік морфологиялық көрсеткіші. Бұл ұстаным зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарын таптастыруда негізгі қызмет атқарғанымен, ол барлық сөз табына қатысты емес екені белгілі. Сондай-ақ, еліктеуіш сөздердің де өзіндік ерекшелігі бар. Оның негізгісі-еліктеуіш сөздердің дыбыстық құрамы.

Еліктеуіш сөздер-белгілі дыбыстық құрамнан тұратын, буын, дыбыс саны да белгілі сөздер.

Ешбір сөз табында мұндай белгі жоқ, сондықтан басқа сөз таптарында сөздердің дыбыстық құрамы туралы сөз болмайды,өйткені басқа сөз

¹⁸ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 333-бет.

таптарының сөздерінің дыбыстық құрамы алуан түрлі, онда қалыптасқан сөздің дыбыстық құрам жүйесін көрсету мүмкін емес.

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан семантикасы, дыбыстық құрамы және морфологиялық сипаты жағынан ерекшеленеді.

Еліктеу сөздердің дыбыстық ерекшеліктері олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағымен анықталады. Дыбыстық құрамы жағынан еліктеу сөздердің қалыптасқан орнықты жүйесі бар. Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамындағы дауысты дыбыстардың алмасуы олардың мағынасына да әсер етеді.¹⁹ Мысалы, *тарс-тарс, тырс-тырс, шаңқ-шаңқ, шіңк-шіңк* т.б.

Еліктеуіш сөздер құрамындағы жуан дауыстылар қимылдың, дыбыстың күшті жасалғанын білдіреді. М\сы, *тарс-тұрс, салдыр-салдыр, қарш-қарш* т.б.

Еліктеуіш сөздердің қайталанған түрінің екінші сыңарындағы ашық дауысты дыбыс қысаң дауысты еріндік дыбысқа айналып өзгерсе, сол сөздің тұлғасында туған осы өзгеріске байланысты мағынасында да сәл өзгеріс туады. Мысалы, *біреу есікті тарс-тарс ұрды; біреу есікті тарс-тұрс ұрды*. Сөйлемдегі еліктеуіш сөздер мағыналарының арасында сәл өзгеріс туады.

Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстың не ашық, не қысаң болуы да сол сөздің мағынасына әсер етеді. Мысалы, *есік сарт етіп жабылды және есік сырт етіп жабылды*.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар түрлі орындарда кездеседі. Еліктеуіштердің құрамында дауысты және дауыссыз дыбыстардың қолданылуында да белгілі бір заңдылықтар болады.

Еліктеуіш сөздерде негізінен тіліміздегі дауыстылардың бәрі дерлік кездеседі.

¹⁹ Сыздыкова Г. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2012, 106-бет.

Еліктеуіш сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың орналасу тәртібін төмендегі формада көрсетуге болады: дауысты дыбысты **Д** деп, дауыссыз дыбысты **Т** деп белгілейміз.²⁰

1. **ТД:** *мә-мә; мә-мә;*
2. **ДТ:** *ыз,ыр,ыс;*
3. **ДТТ-ДТТ:** *елп-елп;*
4. **ТДТ:** *шақ-шақ, сақ-сақ, зыр-зыр, гүр-гүр;*
5. **ТДТТ:** *пырт-пырт, сырт-сырт, жылт-жылт;*
6. **ТДДТТ:** *та-а-арс, жа-а-алт;*
7. **ТДТДТ:** *сатыр-сатыр, жыбыр-жыбыр, гүсир-гүсир;*
8. **ДТДТ-ТДТДТ:** *азан-қазан, ырым-жырым;*
9. **ДТТД-ТДТТДТ:** *албыр-жалбыр, алтек-тәлтек;*

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер көбінесе бір буынды, кейде екі буынды болып та келеді. Бір буынды еліктеуіштердің дыбыстық құрылысы:

- а)** дауысты-дауыссыз (ыр,ыз,ыс);
- б)** дауыссыз-дауысты (мә,мә);
- в)** дауысты-дауыссыз-дауыссыз (елп,ыңқ,аңқ);
- г)** дауыссыз-дауыссыз-дауыссыз (тақ,шақ,зыр,тық);
- д)** дауыссыз-дауыссыз-дауыссыз-дауыссыз (пырт,шырт,сарт,жалт).

Бір буынды еліктеуіштердің соңында қалаған дауыссыз қабаттасып келе бермейді, көбінесе төмендегі дауыссыз дыбыс қабаттасып қолданылады:

1. **йк/йқ:** шүйк, быйқ;
2. **лк/лқ:** бүлк; селк; сылқ;
3. **лп:** жалп,желп,елп;
4. **лт:** жалт,жылт, қалт;
5. **лш:** былш,қалш;
6. **мп:** гүмп, томп, дүмп;
7. **ңк/ңқ:** дүңк, диңк, саңқ,паңқ;

²⁰ Ембергенов У. Қарақалпақ тилиндеги еликтеуіш сөзлер. Нөкис, 1990, 35-бет.

8. **рк/рқ:** гүрк, ғарқ ;
9. **рп:** гүрп, тырп ;
10. **рт:** қырт, шарт, шырт ;
11. **рс:** арс, гүрс, тарс;
12. **рш:** гирш, ғарш т.б.

Соңы дауыстылардан кейін «ж, з, ң, р, ұ, м» дыбыстарына біткен бір буынды еліктеуіштер созылықты дыбысты білдіреді: Мысалы, *Жүрегим шым-м-м етип, мен қапталға ырғып бардым (К.С.)*.

Қорыта айтқанда, екі тілдегі еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктерінде айтарлықтай айырмашылық сезілмейді. Екі тілде де дауысты, дауыссыз дыбыстардың орналасу тәртібі бірдей, яғни екі дыбыстан алты дыбысқа дейінгі дыбыстардан құралады.

2.1. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің қызметі

Сондай-ақ, еліктеу сөздер сыртқы морфологиялық құрылысына қарай жалаң , күрделі болады.

Жалаң еліктеуіш сөздер негізгі және туынды еліктеу сөздерден, ал күрделі еліктеу сөздер туынды еліктеу сөздердің қосарлануы не қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, *гүрс, тарс, елпең, жалбаң, жарқ, жалп* т.б.

Негізгі еліктеуіш сөздер деп айналадағы табиғат құбылыстарын құлақпен есту арқылы қабылданған дыбыстардан және көзбен көру арқылы қабылданып көріністер бейнелерінен пайда болған дыбыстармен бейнелеудің атаулары есебінде қызмет ететін түбір сөздерге айтылады. Мысалы: *ар, ыр,*

ырс, арс, барс, бырс, бұлт, саңқ, селк, салп, лып, лап, қат, жарқ, кілт, зырқ, кірт, күрс, елп, күмп, ыңқ, шаңқ, шыж, шылп, сар, таңқ, тыңқ, сырт т. б.

Туынды еліктеуіш сөздер деп негізгі (түбір) еліктеуіш сөздерден тиісті жұрнақтар арқылы жасалған еліктеу сөздерге айтылады.²¹

Туынды еліктеуіш сөздерді жасайтын жұрнақтар:

1.-қ, -ық, -ың, -ің, -аң, -ең жұрнақтары арқылы туынды еліктеу сөздер жасауға мынадай формалар негіз болады:

а) Негізгі (түбір) еліктеуіш сөздерден жасалған туынды формаларға мынадай еліктеуіш сөздер жатады:

арс,-ақ, ырс-аң, борс-аң, елп-ең, жалт-аң, жылт-ық, талт-аң, быж-ың, кілт-ің, мырс-ың, қалт-аң, қос-аң, тарс-аң т.б.

ә) Кейбір атауыш сөздерге (есімдер мен етістіктер) мынадай еліктеуіш сөздер жатады: *ала-ң, ағар-аң, былғ-аң, дал-аң, домала-ң, жайна-ң, шір-ең, қара-ң, қызар-аң, тербе-ң, көлбе-ң, шайқа-ң* т.б.

б) Кейбір жеке-дара қолданылмайтын формалар бейнелеу етістіктеріне және де басқа есімдерге негіз болады. Мысалы: *арб-аң, ерб-ең (ерби), жарб-аң (жарби), кірб-ең (кірби), қорб-аң (қорби) адыр-аң (ардырай) ажыра-ң (ажырай), бажыр-аң (бажырай), майм-аң (майми), кірж-ің (кіржі), қайқ-аң (қайқи), қиқ-аң (қиқи), күрж-ең (күржи) қылм-аң (қылми), соп-аң (сопи), сит-аң (сити), шош-аң (шоши)* т.б.

2.-лаң, -лең, -алаң, -елең жұрнақтары кейбір етістіктерге жалғанып туынды еліктеу сөздер жасайды. Мысалы: *бұл-алаң, иір-елең, соз-алаң, шұба-лаң, ора-лаң* т.б.

Күрделі еліктеу сөздер жалаң еліктеу сөздердің я негізгі, я туынды формаларының не қайталануы, не қосарлануы арқылы жасалып, негізгі төрт топқа бөлінеді:

1. *арс-арс, борт-борт, быж-быж, гүр-гүр, елп-елп, зыр-зыр, зырқ-зырқ, лап-лап, лып-лып, маң-маң, күмп- күмп, күрс-күрс, селк-селк* т.б.

²¹ А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991, 353-бет.

2. *Арс-үрс, быж-бұж, жарқ-жұрқ, тап-тұп, шалп-шұлп* т.б.

3. *Арбаң-арбаң, алшаң-алшаң, ағараң-ағараң, далаң-далаң, елең-елең, елбең-елбең, балпаң-балпаң, бортаң-бортаң, бүрсең-бүрсең, жалаң-жалаң, жалбаң-жалбаң, жалтаң-жалтаң, қызараң-қызараң, көлбең-көлбең, қожан-қожан, қоқан-қоқан* т.б.

4. *Арбаң-ербең, арбаң-тарбаң, адыраң-едірең, қиқан-қиқан, олаң-солпаң* т.б.

Еліктеу сөздерден өзге сөз таптарына тән басқа да жаңа сөздер жасалады.²² Еліктеу сөздерден басқа сөз таптарына тән туынды сөздер жасайтын басты жұрнақтар:

1. *-ыл, -іл (ырыл, дүріл, күрсіл, гуіл, сыртыл т.б.).*
2. *-ыр, -ір (жалтыр, жылтыр, сылбыр, тақыр, тықыр т.б.).*
3. *-ақ, -ек, -ық, -к (адырақ, елбек, жалтақ, жалпақ, қоқақ т.б.).*
4. *-ғыр, -гір (даңғыр, дүңгір, мыңғыр, сыңғыр т.б.).*
5. *-қыр, -кір (бақыр, кекір, пысқыр, ысқыр т.б.).*
6. *-ыра, -іре (балбыра, елбіре, сылбыра, дүркіре т.б.).*
7. *-ырай, -ірей (бақырай, бүкірей, қоқырай т.б.).*
8. *-ый, -ій (арби, ерби, бырти, қоржи т.б.).*
9. *-й, -ай, -ей (адырай, едірей, қоқай, сопай т.б.).*
10. *-да, -де (арбаңда, ербеңде, қоқанда т.б.).*

Туынды түбір еліктеуіш сөздердің жасалу жолы:

1) -ң, -ың, -ің, -аң, -ең жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы, *жым-ың, көлбе-ң, селт-ең* т.б.

2) -лаң, -лең, -алаң, -елең жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы, *арс-алаң, бұра-лаң, иір-елең*²³ т.б.

Қорыта айтқанда, еліктеуіш сөздер 3 түрлі жолмен жасалады деп айтуға болады:

²² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991, 355-бет.

²³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 342-бет.

1. негізгі еліктеу сөздерге жұрнақтар жалғану арқылы ;
2. етістіктерге жұрнақтар жалғану арқылы
3. негізгі еліктеу сөздердің қосарлануы арқылы

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер морфологиялық құрылысына қарай дара еліктеуіштер; тәкирар (қайталау) еліктеуіштер және жуп (қосарланған) еліктеуіштер болып үшке бөлінеді.

Дара еліктеуіштер белгілі интонациямен айтылған жағдайда оны басқалардан ажыратуға болады. Бұл сөздер сөйлемдегі негізгі және көмекші етістіктермен тіркесіп келеді. Мысалы, *Жудырықтай басы керегеге сақ етип, төбесин услай сала дәрриу шөкке түсти (Т.Қ.)*.

Дара еліктеуіштерде буын саны бірдей емес, олар бір буынды және екі буынды болып келеді. Қарақалпақ тілінде екі буынды еліктеуіштерге қарағанда, бір буынды еліктеуіштер көбірек қолданылады. Екі буынды дара еліктеуіш сөздерге *тысыр, тақыр, шатыр, шүйік, биық, шамбыр, қаңғыр* т.б. кіреді.

Тәкирар (қайталау) еліктеуіш сөздердің компоненттері дыбыстық өзгерістерге ұшырамай айтылады. Қайталау еліктеуіштер белгілі дауыс интонациясымен айтылады, еліктенетін көріністің не шыққан дыбыстың бірнеше рет қайталануын білдіреді: Мысалы, *Сапура еси кетип, хәркимнің бетине жалт-жалт қарап турды (К.С.). Еки аяғы алмагезек жерге сарт-сарт тийеди (Ө.А.)*.

Қайталау еліктеуіштердің дыбыстық құрылысы, айтылуы бірдей болғанмен, мағыналары бір-біріне ұқсас емес. Мысалы, *Телефон шыр-шыр етти. Шырылдауық шыр-шыр айналды*.

Қайталау еліктеуіштер екі түрлі формада қолданылады:

1. Бір еліктеуіштің өзгеріссіз қайталау сөз формасында келуі арқылы: Мысалы, *Азанғы салқын самалдың ескен пәти менен қамыс қоралар ыз-ыз етеди (К.С.). Бір уақытта машина тақ-тақ етти де жүрисин пәсейтти (Н.Д.)*.

2. Қайталау еліктеуіштердің бірінші сыңарында күшейтуші элементтер (көбінесе «а» дыбысы) болады. Олар дыбыстың күшті немесе тез болғандығын білдіреді: Мысалы, *Тарса-тарс урды биреу есигимди (И.Ю.). Шырпашырп илеймен (Т.Қ.).*

Қарақалпақ тіліндегі көптеген еліктеуіштер тек қайталау сөз болып қана қолданылып, дара түрде кездеспейді. Мысалы, *сыңқ-сыңқ (күлу), гүлдир-гүлдир (кісінеу)* т.б.

Егер дыбыс немесе көріністердің аяқталғанын білдіру керек болса, еліктеуіштердің компоненттері бірнеше рет қайталанады. Мысалы, *Майда қәдем менен тық-тық басылды. Сәнимнің көзинің жасы тырс-тырс тамады.*

3. Жуп (қосарланған) еліктеуіштер сыңарлары әртүрлі (мағыналы, мағынасыз) болып, жалпылық және түрлі мағыналы реңктерді білдіреді.²⁴ Сондықтан мұндай сөздер дыбыс пен көріністі әртүрлі формада білдіреді.

Қарақалпақ тілі бойынша қосарланған еліктеуіштер сыңарларының мағыналы, мағынасыз болуына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Екі сыңары да дара тұрып, мағына білдіретін еліктеуіштер: *жалт-жылт, шыр-пыр* т.б. Мысалы, *Демнің арасында әтиран сатыр-гүтир болып кетти (Т.Қ.).*

2. Бір сыңары жеке қолданылып мағына білдірмейтін еліктеуіштер:

а) бірінші сыңары мағынағы ие емес еліктеуіштер: *аныр-топыр, ыбыр-жыбыр* т.б.

б) Екінші сыңары жеке тұрып мағына білдірмейтін еліктеуіштер: *тарс-турс, гаңғыр-гүңгір, шатыр-шутыр* т.б.

3. Екі сыңары да бөлек қолданылғанда мағына білдірмейтін еліктеуіштер: *алба-далба, малпақ-салпақ, уйна-жуйна* т.б.

Қорыта айтқанда еліктеуіш сөздердің сөз жасау қабілеті бойынша салыстырылған тілдердегі мынадай жағдайларды байқауға болады:

²⁴ Ембергенов У. Хәзирги қарақалпақ тилиндеги еликтеуіш сөзлер. Нөкис, 1990, 40-бет.

1. Қазақ тілінде де, қарақалпақ тілінде де еліктеуіш сөздердің арнаулы жұрнақтардың көмегімен зат есім және етістікке ауысу процесі басым.

2. Бір буынды еліктеуіш сөздерге етістік жұрнақтары тікелей жалғанбайды. Алдымен туынды зат есім жасалып, оған етістік жұрнақтары жалғанады да, етістік жасалады.

3. Еліктеуіш сөздердің қосарланған және қайталанған түрлері де субстантивтеніп, зат есім қызметіне жұмсалады.

4. Кейбір еліктеуіш сөздер есім сөздермен және етістіктермен төркіндес болып келеді.

5. Еліктеуіш сөздер қайсы сөз табына ауысса да, өзінің негізгі көркемдік, мәнерлік сипатын жоғалтпайды т.б.

2.2. Еліктеуіш сөздердің уәждемелік қызметі

1. Еліктеуіш сөздер туынды зат есімге уәждеме болады.²⁵ Мысалы, **а)** *тарсыл, гүріл, тырсыл, дүңкіл*; **ә)** *даңғыр, дүңгір, сыңғыр*; **б)** *сарқырама, көлкіме, шуылдақ т.б.*

2. Еліктеуіш туынды түбір етістікке уәждеме болады. Мысалы, **а)** *сүмпи, қылти*; **ә)** *селтеңде, жалтаңда*

Еліктеуіш сөздер құранды етістік негіз болады, яғни олардан «ет» көмекші етістігі арқылы құранды етістік жасалады. Мысалы, *жылп етті, бұрқ етті, салп етті, тарс етті, тарс-тарс етті т.б.*

Мұндағы «*тарс етті*» мен «*тарс-тарс етті*» түрінде қолданудың мағыналық айырмасы бар. Біреуінде қимылдың, әрекеттің бір рет (тарс етті) ғана жасалғанын білдірсе, ал екіншісінде (тарс-тарс) бірнеше рет қайталанғанын білдіреді.

Еліктеуіш сөздерден туынды етістік жиі жасалады: *тырбаңда, жалбаңда, жалаңда, бортаңда т.б.*

3. Еліктеуіш сөздер сын есімге уәждеме болады. Мысалы, **а)** *былбыр, сылбыр, елбір*; **ә)** *жалтақ, бұрқақ т.б.*

2.3. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметі

Еліктеуіш сөздер негізгі етістіктермен де, көмекші етістіктермен де тіркесу сипатына қарай, синтаксистік қызметі де әр түрлі болады. Еліктеуіш сөздер барлық етістіктің алдында тұрады.

²⁵ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 342-343-беттер.

Еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметін сөз еткенде, екі түрлі нәрсе баяндалуға тиісті: бірі-еліктеу сөздердің өздерінен басқа қандай сөздермен тіркесетіні, екінші- еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше болып қызмет атқаратыны.²⁶ Ал бұл мәселе жайында айтылатын қағидалар мынадай:

1. Еліктеу сөздің жалаң түрі мен күрделі (қосарланған) түрінің қай-қайсысы болса да өздеріне тән атау формада тұрғанда, тек етістіктермен тікелей тіркеседі. Бірақ еліктеу сөздер етістік атаулының бәріне бірдей тіркесе бермейді. Оның жалаң түрі де, қосарланған түрі де өзге етістіктермен таңдап тіркесе де, «ет» көмекші етістігімен еркін тіркесе береді. Мысалы, *Жанып жатқан от ныс етіп, борс етіп сөне қалып, қайтадан тез лап етіп жанды (С.С.). Қорыққаннан ба, тоңғаннан ба оның иегі иегіне сақ-сақ етті (С.М.).*

2. Еліктеу сөздер толық мағыналы дербес етістіктердің бәрімен де бірдей тіркесе бермейді, олардың ішінен тек өздерінің мағыналарына орайласатындарымен ғана еркін тіркеседі. Мысалы, *Абай селк етіп жалт қарады (М.Ә.). Қасым жалт қарап жалтарып, Қалиқаға қосыла кетті (С.Е.).*

3. Еліктеу сөздер етістіктерден өзге сөздермен некен-саяқтап қана тіркеседі де, сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен тіпті тіркеспейді.

4. Еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше қызметін атқаруы олардың өздерінен басқа қандай сөздерге тіркесуімен байланысты. Мысалы, *Сарт-сұрт төбелес болды да қалды (С.К.).* Мысалдағы еліктеуіш сөз анықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал, еліктеу сөздер негізінде етістіктермен тіркесетін категория болғандықтан, олардың негізгі синтаксистік қызметі де сынқимыл пысықтауыш екендігі күмәнсыз. «Ет» көмекші етістігімен тіркесетін еліктеу сөздер қашан да болсын құранды мүшенің құрамына енеді де, сол құрам «ет» көмекші етістігінің қай формада тұруына қарай, тұтасымен тұрып бір күрделі мүше болады. Мысалы, *Ол елең етті (F.M.). Қараңғылықтан қылаң етіп бір аттылы адам шыға келді (С.Е.).* Бірінші сөйлемдегі еліктеуіш баяндауыш болса, екінші сөйлемдегі еліктеуіш пысықтауыш болып тұр.

²⁶ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991, 356-бет.

Дербес мағыналары бар негізгі етістіктермен тіркескенде, еліктеу сөздер кимыл мен іс-әрекеттің сын-сипатын білдіреді де, әрқашан пысықтауыш мүше болады. Мысалы, *Абай кілт бұрылып, жалт қарады (М.Ә.). Ардақ томп-томп желеді, екі ұрты бүлк-бүлк қозғалады (Ғ.М.).*

5. Еліктеуіш сөздер субстантивтеніп, есім формаларында жұмсалуды мүмкін. Мысалы, *Осы сөзден соң Жігітек екі ұдайылықтан, былқ-сылқтан арылып, сөзді бір арнаға түйген-ді (М.Ә.). Жер бетінде болатын шақыр-шұқыр, жарқ-жұрқтың бәрі де сарайларға қамалып, қазір бір үлкен дүмпудің тұтасқан гуілін ғана естисің (Ғ.М.).* Бірінші сөйлемдегі еліктеу сөз толықтауыш болса, екінші сөйлемдегі еліктеуіш анықтауыш болып тұр.

Еліктеуіш сөздер сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады, әсіресе, пысықтауыш қызметінде жиі кездеседі.²⁷ Мысалы, *Үйдің іші быж-быж қайнайды (Ғ.М.). Шаршайтын да емес, бүкең-бүкең басады (Ғ.М.).*

Еліктеуіш сөз сөйлемде заттанып қолданылғанда, зат есімнің синтаксистік қызметін атқарады. Мысалы, *Кәрінің күйбеңі көп болады (Ғ.М.). Сылпыңмен сырлас болма (мақал).* Бірінші сөйлемдегі еліктеу сөз бастауыш болса, екінші сөйлемдегі еліктеу сөз толықтауыш болып тұр.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде еліктеуіш сөздер субстантивтеніп келгенде көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдап, бастауыш болып келеді. Мысалы, *Сырттан аттың дүбірі естілді (К.С.). Атыздағы гүрилдилер елетынатуғын түри жоқ (Х.С.).*

Тәуелдік жалғауы қосарланған еліктеуіш сөздердің екінші сыңарына жалғанғанда, ол сөз ілік септігіндегі зат есімнің соңында тұрып, сөйлемде бастауыш қызметін атқарады: Мысалы, *Төменгі жақтан еситілген аттың дүбір-дүбири жән-жаққа тарады (А.Б.).*

Еліктеуіш сөздер белгілі дәрежедегі аффикстерді қабылдағанда етістікке өтіп, сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы, *Түн жарпында қапы тысырлады (А.А.) Күн нурына шағылысып белдің жүзи жарқылдады (Ө.Х.).*

²⁷ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007, 343-бет.

Еліктеуіш сөздер көмекші етістіктермен тіркесіп, күрделі баяндауыш қызметінде келгенде еліктеуіш сөздерге қосымша жалғанбайды: *Күтилмегенде мылтық тақ етті (К.С.)*.

Еліктеуіш сөздер «ет», «қал» көмекші етістіктермен бірге тұрып сөйлемде күрделі баяндауыш болады: *Шамурат есиктен атлап шыға бергенде омба қарға гүрс ете қалды (И.Ю.)*.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер сөйлемде зат есімдердің алдында келіп, анықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы, *Аяқ астылары гырт-гырт қар (Қ.Т.)*. *Бир ұақытлары буұдақ-буұдақ түтинлердің сағымы ай нуры менен буұрыл реңге енеди*.

Ілік септік жалғауын қабылдаған еліктеуіштер анықтауыш болады. Мысалы, *Бирден хәүлиде әлле кимнің аяқ тапылдысының даұысын еситип, дәрриұ тым-тырыс болды (Ғ.С.)*.

Жалпы түркі тілдерінде еліктеуіш сөздер субстантивтеніп, септік жалғауларын қабылдағанда толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, *Ұлы дүбірге қосылып көрелік (Ғ.М.)*. *Шайнектің тысырлысына хеш кимде оянбады (Т.Н.)*.

Табыс септігінде тұрған кейбір еліктеуіштерге *да/де* жалғаулықтары қосылып айтылады және олар сөйлемде толықтауыш болады: *Ол қасынан өткен адамды, хәттеки бир-еки рет урылған тоқылдығы да сезбеди (И.Ю.)*.

Дара, қайталама еліктеуіштер шығыс септігінде тұрып, сөйлемде толықтауыш болады: *Бастық менің кеңсеге келгенімді балдағымның тықылдағанынан сезді (К.С.)*. *Гүрсилдеген гөрлер гүңиренип ләрзем алды (Ғ.И.)*.

Қосарланған еліктеуіш сөздер етістікті қимыл әрекеттің созылымдылығын көрсетеді: *жалт-жалт қарау, бұрқ-бұрқ қайнау, тарс-тарс соғу*. Олардың бұл мағыналары белгілі етістіктермен не етістіктер тобымен тіркесте анық көрінеді. Етістікті тіркестердің құрамында еліктеуіш сөздер өздерінің лексикалық та, грамматикалық та дербестігін жоғалтпайды. Оның үстіне еліктеуіш сөздердің тіркестік топ құра алатын етістіктері белгілі ғана

сөздер болғанымен, ол етістіктермен тіркесе алатын еліктеуіш сөздер бір-неше болуы мүмкін. Мысалы: *сақ-сақ күлу, қарқ-қарқ күлу, сылқ-сылқ күлу, мырс-мырс күлу*.

Еліктеуіш сөздер көбінесе қимылды немесе заттың әрекетін білдіретін салт етістіктермен тіркеседі. Мысалы: *жалт бұрылу, кілт тоқтау, күрс жарылу, тырс-тырс соғу, морт сыну* т.б.

Басқа сөз таптарына қарағанда еліктеуіш сөздердің сөйлемде пысықтауыш болып келуі өнімді құбылыс.

Еліктеуіш сөздерден болған пысықтауыштар көбінесе сын пысықтауыш болып, іс-әрекеттің жылдамдықпен болғандығын не бір нәрсеге еліктену белгісін және іс-әрекеттің істелу сынын білдіреді.

Еліктеуіш сөздердің кейбіреулері дара немесе қайталама түрде негізгі және көмекші етістіктердің алдында тұрғанда сөйлемде пысықтауыш болады. Мысалы, *Толқындар да жібер дегендей жағаға шарп-шарп ұрады (С.К.). Мөп-мөлдір шараптар кеселерге лоқылдап құйылды (Х.С.).*

Көсемшенің *-ып, -іп, -п* формасына біткен еліктеуіш сөздерден сын пысықтауыш жасалады. Мысалы: *Шаналар биринің изине бири сатырласып келе берди (К.С.).*

Еліктеуіш сөздерге кейбір көмекші етістік тіркесіп келу арқылы сын пысықтауыш жасайды. Мысалы: *Машина гыйқ етип иркилди. (Т.Қ.).*

Дара еліктеуіштерге етістіктің *-са, -се* қосымшаларының жалғануы арқылы шарт және қарсылас мағынадағы пысықтауыштар жасалады. Мысалы: *Аспанда гаұық деген қус болады, гаұқылдаса даұысы жер жарады (нақыл).*

Бір буынды еліктеу еліктеуіш сөздердің әрқайсысы белгілі бір етістіктермен ғана тіркесе алады. Мысалы: «шыр» сөзі *айналу* етістігімен ғана; «кілт» сөзі *тоқтау, бұрылу* етістіктермен; «жалт» сөзі *қарау, бұрылу, беру* сөздерімен, «гүрс» сөзі *жарылу, құлау* сөздерімен; «қарс» сөзі *айырылу, жарылу* етістіктерімен тіркесе алады.

Еліктеуіш сөздерге «*етіп, еткізіп*» түбірлес көмекші еліктеуіштердің жалғануы арқылы олардың негізгі етістіктермен тіркесу қабілеті артады. Мысалы: *Құлағым дүрс-дүрс етіп, аспан жүрегінің соққаны естілді. Семенбір темір қалпақты сақ еткізіп төбеден ұрып жіберді (Ғ.М.).*

Қазақ тілінде де қарақалпақ тілінде де еліктеуіш сөздер негізгі етістік пен тіркескенде сөйлемде пысықтауыш қызметін *атқарады*. Мысалы: *Қазандағы ет бүлк-бүлк қайнады. Ол күрк-күрк жөтеліп жүретін.*

«*қалт, кілт, тарс-тұрс, жалт, бұрқ-бұрқ, жалт-жұлт*» т.б. сияқты еліктеуіш сөздерден амал пысықтауыш жасалады.

Мысалы: *Жантық осыны айтты да қалт тоқтай қалды. Қарабақыр шымыр-шымыр қайнап жатыр (Ғ.Мұстафин). Камшат мұндағы үлкендерге кішкене нәзік саусақтарын созып жалт-жалт қарайды (М.Әуезов).*

Сондай-ақ, еліктеу сөздер көмекші етістіктермен тіркесіп сөйлемде күрделі баяндауыштың құрамына енеді. Мысалы:

Ырғалып қарға қарқ етті

Ірімшік жерге салп етті. (Абай)

Мылтықтың даусы гүрс етті

Қырғауыл жерге дүрс етті (Журнал)

Баяндауыштар негізінен етістік баяндауыш және есім баяндауыш болып екіге бөлінеді.²⁸

Еліктеу сөздер есім баяндауыштың құрама баяндауыштар тобының құрамында келеді және «ет» көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады.

Мысалы: *Сонау жиекте көз ұшында қара бұлттар тұтасып, найзағай жарқ-жұрқ етеді. Дыбыссыз тұншығып жатқан Жамалға бір сәуле жарқ етті (Ғ.М.).*

Еліктеуіш сөздер көмекші етістіктермен тіркесе қалса, әдетте «ету» етістігімен тіркеседі.

²⁸ Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алма-Ата, 1960, 28-бет.

Кейбір еліктеуіш сөздер басқа да көмекші етістік қызметіндегі етістіктермен тіркесе алады:

1. беру; *Оған қарсы арпалысқан тағыз жас енді қайттім дегендей жан таласа күңіреніп, бар ішімен ақтарыла, ұшқындарын аспанға лақ етіп барып бұрқ берді (Ғ.С.). Мотоцикл баспалатып жетіп келгенде, жалт берді жолдан.*

2. қағу; *Гүл мен ағаш майысып қарағанда,*

Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су (Абай)

Сыбан қарт жай жүргенсіп, сыр білдірмей

Қутыңдап, хал-жай сұрап жылмаң қатты (Қ.А.).

Сұрланып, жүзі солып, кемсең қағып,

Толтырды қанды жасқа қара көзін (Т.Ж.)

Еліктеуіш сөздер «ету» көмекші етістігінен тіркескенде, күрделі баяндауыштың құрамына енеді. Мысалы: *жап аузыңды, - деп арс-арс етті (М.Ә.) Неден бастап, немен аяқтарын білмей, бұлтаң-бұлтаң етеді (Ғ.М.).*

Кекілік ұшып дүр етті

Ғали шошып дір етті (Ж.Ж.).

Баяндауыш қызметінде келген зат есімдердің алдында тұрып, еліктеуіш сөздер анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Тарс-тарс мылтық атылды (А.А.).*

Еліктеуіш сөздер көбінесе пысықтауыш қызметінде қолданылады. Мысалы: *Адамдар от шыққан жаққа жалт қарасты. Аттылар бұрылып келіп, дөңгелене отырған жиынға тапыр-тұпыр сәлем беріп амандасып қалды (М.Ә.).*

Кейде еліктеуіш сөздер көсемшелі етістіктермен тіркесіп күрделі пысықтауыш мүшесінің құрамына енеді. Мысалы: *Аяғымыз борс етіп, көп өліктің шіріген денесіне кіріп кетті (Ғ.М.).*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде поэзиялық шығармаларда *(-ып; -іп; -п)* аффикстері жалғанған еліктеуіш сөздер инверсияланып, сөйлемнің соңында келіп қимыл-сын пысықтауыш міндетін атқарады. Мысалы,

*Күн батқанша шабамын,
Әрлі-ерлі далпылдап,
Етек кеткен жайылып,
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап,
Кейбіреуге таяғым,
Туір те кетіп, бартылдап.
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе көбі шаңқылдап (Абай)*

Қарақалпақ тілінде:

*Күн көзи шықты жарқылдап,
Тоңлар ерип жер былқылдап,
Боздың шаңлары бурқылдап,
Дийхан ислер ұағың келди (Ж.А.).*

Заттың тұлғалық қалпын көрінісін бейнелейтін еліктеуіш сөздер көмекші етістіктермен тіркесе қалса, «болу» етістігімен тіркеседі. Мысалы: *Дал-дал болып жарылған мидай тақыр. Ауылымыз бұлан-талан болды (Қ.Ж.).*

Еліктеуіш сөздер күрделі етістіктің көсемшелі тұлғалы көмекші етістігімен тіркескенде де күрделі баяндауыштың құрамына енеді. Мысалы: *Қанжарымды суыра сала үстіме құлаган неміске салып жіберіп ем, оп-оңай барс ете түсті. Көзі шарасынан шығып, маңдайынан тері бұрқ ете түсті.*

Қазіргі қазақ тілінде де еліктеуіш сөздер зат есіммен тіркескенде анықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Бұлың-бұлың толқыны, жоталаған таумен тең. Діңкені қашыратыны жаутаң көздің жайын жақсы білетін. Соғыстырылған кружкалардың жың-жың дыбысы. Көп түнеп жататұғын шаң-шұң көше (Т.Ж.).*

Қорыта айтқанда бұл мәселе жайындағы қағидалар төмендегідей болады:

Қазақ тілінде: 1.Еліктеу сөздің жалаң түрі мен күрделі (қосарланған) түрі атау формада тұрғанда етістіктермен тікелей тіркеседі. Бірақ еліктеуіш сөздер атауының бәрімен бірдей тіркесе бірмейді. Оның жалаң түрі де, қосарланған түрі де өзге етістіктермен таңдап тіркесе де, «ет» көмекші етістігімен еркін тіркесе береді. Мысалы: *Боқай келіншегінің сөзіне мыңқ етпеді* (Ғ.М.).

2. Қарақалпақ тілінде еліктеуіш сөздер сөйлем ішінде көбінесе етістікті сөздермен қосарлану арқылы байланысып келеді, бірақ кез-келген етістік өзінің мағынасына сәйкес келетіндермен ғана тіркеседі. Олар негізгі етістіктердегі іс-әрекеттің сынын білдіріп, сын пысықтауыш қызмет атқарады. Мысалы: *Хәрұақ-хәрұақ жалт-жалт көринип турған жеке сийрек жулдызлар да булттың аржағында қалды* (Ш.С.).

3. Қазақ тілінде еліктеу сөздер толық мағыналы дербес етістіктердің бәрімен емес, тек өздерінің мағыналарына орайласатындарымен ғана еркін тіркеседі. Мысалы: *Абай селк етіп, жалт қарады. Машина кілт бұрылды.* (С.Ш.)

Қарақалпақ тілінде: атауыш сөздермен қосарлану арқылы байланысып, заттың белгісін білдіріп, анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Ербек-сербек отынды ишке қалай киргизер екен десек, аңсат екен зой* (Ш.С.). *Түрік ерін, ұйна-жұйна сақалы бар.*

4. Қазақ тілінде еліктеуіш сөздер етістіктерден өзге сөздер мен некен-саяқ қана тіркеседі де, сын есім, үстеу, шылау, сөз таптарымен тіпті тіркеспейді. Мысалы: *Күңгірт сөйлеген шаңда-шұң дауыс шықты. Қым-қизаш қиқу, сарт-сұрт төбелес болды да қалды.*

5. Қарақалпақ тілінде сөз ішіндегі поэзиясына байланысты субстантивтеніп келгенде септік, көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Мұндай жағдайда бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Ол қызлардың уұдыр-шуұдырлары шарқ ийирип отырғанларға тәсір етті. Алыстан еситілген тасыр-тусырға қулақ салдым.*

6. Қазақ тілінде еліктеу сөздердің сөйлем мүшесі болуы, олардың тіркесу сөздеріне байланысты.

Өйткені, *шаң-шұң дауыс шықты, сарт-сұрт төбелес болды да қалды* дегендердің зат есімдермен тіркесіп, орналасу жағынан олардан бұрын тұрып, анықтауыш болады. Еліктеу сөздер күрделі де, негізгі етістікпен де тіркесе береді. «Ет» көмекші етістігімен тіркесетін еліктеу сөздер құрамды мүшесінің құрамына енеді де, сол құрам «ет» көмекші етістігінің қай формада тұруына қарай тұтасымен тұрып бір күрделі мүше болады. Мысалы: *Сәкен Қирабаев елең етті. Қараңғылықтан қылаң етіп бір аттылы адам шыға келді,-* деген сөйлемдердегі «елең етті» тіркесі баяндауыш болса, «қылаң етіп» тіркесі пысықтауыш болып тұр.

7. Қарақалпақ тілінде еліктеуіш сөздер баяндауыш қызметін де атқарады. Мысалы: *Күн узақта кишкене устахананың иши тақ-туқ, тақ-туқ. Жер бетин қаплаган аппақ қар аяқты бассаң қытыр-қытыр етеди.*

8. Қазақ тілінде еліктеуіш сөздер субстантивтеніп, есім формаларында жұмсалуды мүмкін. Мысалы: *Жер бетінде болатын шақыр-шұқыр, жарқ-жұрқтың бәрі де сарайларға қамалып, қазір бір үлкен дүмпудің тұтасқан суімен ғана естисің.* Осы сөйлемдегі субстантивтеніп, ілік септік формасында тұрған *шақыр-шұқыр, жарқ-жұрқ* деген еліктеу сөздер анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, дыбыстық еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметі жағынан қазақ тілі мен қарақалпақ тілі ұқсас екендігін байқауға болады. Еліктеуіш сөздер күрделі есім баяндауыштың құрамында келеді және «ет» көмекші етістігімен тіркесіп келеді. Еліктеуіш сөздер зат есіммен тіркесіп анықтауыш қызметінде жұмсалады да, ал толықтауыш қызметінде келсе, сөздер субстантивтеніп, белгілі бір септеуде тұрады. Сондай-ақ, айтарымыз еліктеу сөздер дербес мағыналары бар негізгі етістіктермен тіркескенде қимыл мен іс-әрекеттің сын-сипатын білдіреді де, әрқашан пысықтауыш мүше болады. Еліктеу сөздер негізінде етістіктермен тіркесетін категория

болғандықтан, олардың негізгі синтаксистік қызметі де сын-қимыл пысықтауыш екендігі күмәнсіз.

Қорытынды

Бүгінгі жұмысымыздың негізгі мақсаты – қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің фонетикалық, морфологиялық сипатын, синтаксистік қызметін салыстыра зерттеу арқылы өзара ұқсастықтарын және айырмашылықтарын айқындау.

Әсіресе туысқан тілдердің грамматикалық құбылыстарын салыстыра зерттеп, олардың арасындағы ұқсастық пен өзгешеліктерді түсіндіру – тіл білімі алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар өздерінің еңбектерінде еліктеуіш сөздерді әртүрлі терминдермен атаған және ол туралы түрлі пікірлер айтқан.

Еліктеуіш сөздерді ғылыми негізде бірінші рет белгілі тюрколог проф. Н.И. Ашмарин зерттеп, еліктеуіш сөздердің ерте заманнан бар екендігін айта келіп, алғашқы қоғамдағы адамдардың сөйлеу тілінде еліктеуіш сөздердің кейбір формаларының болғандығын дәлелдейді.

Белгілі тюрколог проф. Н.К. Дмитриев те ғылыми грамматикаларында және мақалаларында еліктеуіш сөздердің грамматикалық белгілерін көрсетеді, еліктеуіш сөздерді төрт түрге бөледі және еліктеуіш сөздердің морфологиялық тәсілі мен сөз жасалу жағдайларына ерекше тоқтайды.

А.Ысқақов қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайлы алғаш пікір айтады. Ол еліктеуіш сөздердің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін, олардың басқа сөздерге ұқсамайтын жақтарын көрсетеді. Ғалым еліктеуіш сөздерге қатысты «*мимема*» ұғымын қолданады және олардың алты түрлі грамматикалық ерекшеліктерін атап көрсетеді.

А.Ысқақовтан кейін еліктеу сөздерді Ш.Сарыбаев, Б.Катембаева тәрізді ғалымдар зерттеу нысанына алып, дербес сөз табы ретіндегі белгілері, мағынасы, қызметі, морфологиялық құрамы анықталды.

Ш.Сарыбаев өз зерттеулерінде еліктеуіш сөздерді одағай сөздерге қосуға болмайтынын айтып, одағайлардан бес түрлі жол арқылы ерекшеленіп тұратынын көрсетеді. Ғалым берген дерек, еліктеуіш сөздердің тілден алатын өзіндік орны барын, соған сай атқаратын қызметі барын білдіреді.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздерді Б.Катембаева ғылыми негізде зерттеп, диссертация жұмысын жазады, грамматикалық жақтан еліктеуіш сөздер белгілі сөз табы болатынын, барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқаратынын көрсетеді.

Проф., Н.А. Баскаков қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайында олардың мағыналық және грамматикалық ерекшеліктерін, түрлерін атап көрсетеді. Қазіргі қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер жайлы алғаш зерттеу жүргізеді, олардың мағыналық және грамматикалық белгілеріне қарай одағай сөздерден ажыралып тұратынын анықтайды.

А.Қыдырбаев сөз таптарын екіге бөледі және одағай сөздер мен еліктеуіш сөздерді бір сөз табы деп есептеген. Еліктеуіш сөздерді «*мимемалар*» деген терминмен атаған.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіш сөздер одағайлардан жеті түрлі белгілерімен ажыратылады.

Еліктеу сөздер күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдеби тілде де кеңнен қолданылатын, семантикалық, грамматикалық сыр-сипаты-мен қатар, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да ерекшеленетін дербес сөз табы.

Жалпы қай тілде болмасын, еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, *біріншіден*, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан туатын, әр қилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, *екіншіден*, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің де қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді.

Кез келген тілде, еліктеуіш сөздер сатира-юморларда, балалар әдебиетінде, көркем әдеби шығармаларда, фельетондарда, нақыл сөздерде, мақал, жұмбақтарда көптеп кездеседі. Ондағы айтылатын ойды дәл жеткізу жағынан ерекше мәнге ие, тілімізге ықшамдылық, көріктілік, әсемдік сипат беріп тұратын сөздер болғандықтан, көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стилінде жиі, ал, ғылыми, саяси әдебиеттерде некен- саяқ кездеседі.

Егер екі тілдегі дыбыстық еліктеуіш сөздердің жасалуы мен морфологиялық құрамында айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар басым болса, олардың дыбыстық құрамында әрбір тілге тән фонетикалық ерекшеліктер ұшырасады.

Қазақ тіліндегі еліктеу сөздер ішкі мағыналық ерекшелігіне байланысты, еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып бөлінсе, қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер, сеслик еликлеуішлер және көриніске еликлеуішлер болып бөлінеді.

Дыбыстық еліктеуіш сөздер заттың орнынан қозғалуы, басқа бір затпен соғылуы не үйкелуі сияқты қимыл нәтижесінде шыққан дыбыстан пайда болады.

Бейнелеуіш сөздер табиғат құбылыстарының , айналадағы заттардың, адамның, хайуанаттың сыртқы көрінісі, қимыл-әрекетінің бейнесін суреттеуден пайда болған сөздер. *М/сы, жалт қарады, селк ете қалды т.б.*

Бейнелеуіш сөздердің мағыналық түрлері:

1. Заттардың түрлі сыртқы бейнесін білдіреді.
2. Қимылдың сипатын білдіреді.
3. Табиғи құбылысты суреттейді.
4. Жанды заттардың дыбысын, қалпын сипаттайды.
5. Жансыз заттардың бейнесін суреттейді.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер анық лексикалық мағынаға не грамматикалық мағынаға ие емес, сондықтан да олар мағыналы сөз таптарына кірмейді, бірақ ерекше еліктеу, көркемдеу образдылық мағынаға ие.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер де семантикалық ерекшеліктеріне қарай, сеслик (дыбыстық) еліктеуіштер және көрініске (бейнелеуіш) еліктеуіштер болып бөлінеді.

Демек, екі тілде де еліктеуіш сөздер өзіндік мағынасы бар, белгілі дыбыстық құрамда қолданылып, сөйлемде негізінен қимылды сипаттап тұратын, өз алдына сөз табы бола алатын сөздер болып есептеледі.

Салыстырылған тілдерден еліктеуіш сөздердің жасалу тәсілдеріне келетін болсақ, екі тілде де мынадай үш түрлі жолмен жасалады.

1. негізгі еліктеу сөздерге арнаулы жұрнақтар жалғану арқылы;
2. етістіктерге жұрнақтар жалғану арқылы;
3. негізгі еліктеу сөздердің қайталануы, қосарлануы арқылы.

Еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметін сөз еткенде, екі түрлі нәрсе баяндалуға тиісті: бірі-еліктеу сөздердің өздерінен басқа қандай сөздермен тіркесетіні, екінші- еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше болып қызмет атқаратыны.

1.Еліктеуіш сөздің жалаң түрі мен күрделі түрі етістіктермен тікелей тіркеседі.

2. Еліктеуіш сөздер тек өздерінің мағыналарына орайласатын етістіктермен еркін тіркеседі.

3. Еліктеу сөздер сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен тіпті тіркеспейді.

4. Еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше қызметін атқаруы олардың өздерінен басқа қандай сөздерге тіркесуімен байланысты.

Дербес мағыналары бар негізгі етістіктермен тіркескенде, еліктеу сөздер қимыл мен іс-әрекеттің сын-сипатын білдіреді де, әрқашан пысықтауыш мүше болады.

5.Еліктеуіш сөздер сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады, әсіресе, пысықтауыш қызметінде жиі кездеседі.

Еліктеуіш сөз сөйлемде заттанып қолданылғанда, зат есімнің синтаксистік қызметін атқарады. Мысалы, *Сылпыңмен сырлас болма (мақал)*. Сөйлемде толықтауыш болып тұр.

Қарақалпақ тілдерінде еліктеуіш сөздер субстантивтеніп келгенде көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдап, бастауыш болып келеді. Тәуелдік жалғауы қосарланған еліктеуіш сөздердің екінші сынарына жалғанғанда, ол сөз ілік септігіндегі зат есімнің соңында тұрып, сөйлемде бастауыш қызметін атқарады: Мысалы, *Төменги жақтан еситилген аттың дүбир-дүбири жән-жаққа тарады (А.Б.)*.

Еліктеуіш сөздер белгілі дәрежедегі аффикстерді қабылдағанда етістікке өтіп, сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы, *Күн нурына шағылысып белдің жүзи жарқылдады (Ө.Х.)*.

Еліктеуіш сөздер «ет», «қал» көмекші етістіктермен бірге тұрып сөйлемде күрделі баяндауыш болады: *Шамурат есиктен атлап шыға бергенде омба қарға гүрс ете қалды (И.Ю.)*.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер сөйлемде зат есімдердің алдында келіп, анықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы, *Аяқ астылары гырт-гырт қар (Қ.Т.)*. *Бир ұақытлары буұдақ-буұдақ түтинлердің сағымы ай нуры менен буұрыл реңге енеди*.

Ілік септік жалғауын қабылдаған еліктеуіштер анықтауыш болады. Мысалы, *Бирден хәүлиде әлле кимнің аяқ тапылдысының дауысын еситип, дәрриу тым-тырыс болды (Ғ.С.)*.

Жалпы түркі тілдерінде еліктеуіш сөздер субстантивтеніп, септік жалғауларын қабылдағанда толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, *Ұлы дүбірге қосылып көрелік (Ғ.М.)*. *Шайнектің тысырлысына хеш кимде оянбады (Т.Н.)*.

Қосарланған еліктеуіш сөздер етістікті қимыл әрекеттің созылымдылығын көрсетеді: *жалт-жалт қарау, бұрқ-бұрқ қайнау, тарс-тарс соғу*. Басқа сөз таптарына қарағанда еліктеуіш сөздердің сөйлемде пысықтауыш болып келуі өнімді құбылыс.

Еліктеуіш сөздердің кейбіреулері дара немесе қайталама түрде негізгі және көмекші етістіктердің алдында тұрғанда сөйлемде пысықтауыш болады. Мысалы, *Толқындар да жібер дегендей жағаға шарп-шарп ұрады (С.К.)*.

Демек, еліктеуіш сөздер екі тілде де кез келген сөздермен тіркесе бермейді, тек өздерінің мағыналарына сәйкес келетін етістіктермен ғана тіркесіп, өз алдына сөйлемнің дербес мүшесі болады, кейде олар сөйлемнің басқа мүшелерімен көмекші сөздер арқылы немесе негізгі етістіктер арқылы синтаксистік байланысқа түсіп, сөйлем ішінде не пысықтауыш қызметінде жұмсалады да, не күрделі баяндауыштың құрамына еніп, оның бір компонентінің қызметін атқарады. Көбінесе, қазақ және қарақалпақ тіліндегі дыбыстық еліктеуіш сөздер «ет» «у» көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады.

Тақырыпқа байланысты теориялық материалдарға, көркем шығармалардан жиналған тіл фактілеріне сүйеніп, қазақ тілінде де, қарақалпақ тілінде де еліктеуіш сөздер өзіндік ерекшеліктері бар дербес сөздер тобы деп толық айта аламыз.

Еліктеуіш сөздер өздерінің тура мағынасында қолданылса сөйлемдегі басқа сөздермен ешқашан грамматикалық қатынасқа түспейді, яғни көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Дегенмен, сөйлемде субстантивтеніп заттық ұғымды білдірсе, зат есімдерше түрленіп сөйлемнің басқа да мүшесі бола алады.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дыбыстық еліктеуіш сөздер, табиғаты жағынан да, қолданылуы мен қызметі жағынан да бір-бірінен ұқсас. Бұл екі тілдің генетикалық жақтан жақындығының айғағы. Ал кездесетін кейбір дыбыстық өзгешеліктер даму және қалыптасуындағы өздеріне тән ерекшеліктермен байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аханов Қ. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексика, морфология) Алм., 1978
2. Аханов К., Айғабылов М. Қазақ тілі. Алматы, 1985
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1996
4. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1969
4. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. П., фонетика и морфология. Часть 1, 1952
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). Алматы, 1981
6. Балақаев М., Сауранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997 ж.
7. Бекбергенов А. Қарақалпақ тилин изертлеушілер. Нөкис, 1984 ж.
8. Бердимуратов Е. Хәзирги қарақалпақ тили. Лексикология. Нөкис, 1994
9. Ембергенов У. Хәзирги қарақалпақ тилиндеги еликлеуіш сөзлер. Нөкис, 1990
10. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского языка. М.Л., 1960
11. Кунгуров Р.К., Тихонов Н.А. Изобразительные слова как самостоятельная часть речи. Вопросы теории частей речи. Л., 1968
12. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002
13. Катембаева Б. Подражательные слова в современном казахском языке. Автореферат канд. дисс., Алма-Ата, 1965
14. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007
15. Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алматы, 1960
16. Сыздықова Г. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2012
17. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1996 ж.
18. Шәукенов К. Синтаксис. Алматы, 1996 ж.
19. Тәжимуратов Х. Қарақалпақ тили. IV., Нөкис, 1976
20. Хәзирги қарақалпақ тили. Морфология. Нөкис, 1981
21. Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. Нөкис, 1994

22. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991

23. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1967